# ТОҚАЕВ ТОҚТАМЫ:

♦ **Үкіметтің міндеті - халықтың әл-ауқатын, экономикалық өсім қарқынын және тартылатын инвестиция көлемін төмендетуге жол бермеу.**

♦ **Халық алдындағы негізгі әлеуметтік міндеттемелердің бәрін орындауға және маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруға тиіспіз.**

*Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыс отырысынан*


Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№15 (1770)
17 сәуір 2025 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті


# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ӨТУІ – ӨҢІР ҮШІН ЗОР МӘРТЕБЕ

**Қызылордада Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаевтың, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Ұлттық құрылтай: алдағы мақсаттар мен міндеттер» атты дөңгелек үстел өтті.**

Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысына тоқталып, Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысын 2026 жылы Сыр өңірінде өткізудің маңыздылығын атап өтті.

– «Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы деп білеміз», - деді Н.Нәлібаев.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірі байыпты бастамалардың, жасампаз жобалардың ордасына айналды. Өңір барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алдыңғы қатарда. Облыс бюджеті 750 млрд. теңгеден асты. Осыдан үш жыл бұрын 364 млрд. теңге болатын. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде өсім 206 пайызды құрады. Бұл ауқымды қаражат ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды. Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы салынуда. Бүгінде инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 137 млрд. теңгеден астам инвестиция құйып, жұмыстың 70 пайыздан астамын аяқтады. Қыркүйек айында аймақ үшін ерекше маңызы бар нысан ел игілігіне беріледі. Президент тапсырмасына сәйкес оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Катарда өткен үкіметаралық келісім шеңберінде қуаттылығы 1100 МВт, құны 892 млрд теңге болатын бу-газ қондырғысын салу келісілді. Мегажоба 2028 жылы толығымен іске қосылады деп жоспарлануда.

Жиында Президент кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы сөз сөйледі. Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ұлттық құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбіткүл Кәрімова, көпбейінді қалалық аурухананың бас дәрігері Нуридин Амитов, "Анаға тағзым" орталығының директоры Алтынай Молжанова пікір білдірді.

**Арал ауданының әкімі А.ОҢҒАРБАЕВ:**

# ТАУЫҚТЫҢ КҮРКЕСІНДЕЙ БАСТЫРМАЛАРДА ҚОНАҚ ЖАЙЛАП, АУДАН ДӘРЕЖЕСІНЕ ДАҚ ТҮСІРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Арал ауданы әкімі Аманжол Оңғарбаев жұмыс сапарымен Ақирек ауылдық округіне барып, біршама жұмыстармен танысты. Алдымен 2023 жылы бастау алған «Самара-Шымкент-Бекбауыл» автомобиль жолының 21,2 шақырым болатын аудандық маңызы бар жолдың жай-күйімен танысты.

Қазіргі таңда аталған жолдың 20 шақырымына қиыршық тас (ГПС) төселіп, 1,2 шақырым жолына қажетті материалдары нысан басына жеткізілуде. Жалпы құны 1,5 млрд. теңгені құрайтын жол құрылысын «Строй модуль-Астана» ЖШС қолға алған. Құрылысы қарқынды жолдың бүгінде көптің үмітіне айналғаны белгілі. Мердігер мекеме ағымдағы жылдың шілде айына дейін жұмысты аяқтауды жоспарлауда. Аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы мердігер мекеме өкілдерімен жүздесіп, қолға алған жұмысты сапалы, әрі мерзімінде бітіруді тапсырды.

Мұнан соң Сыр беткейдегі жұртшылықтың игілігі үшін қолға алынған ең ауқымды бастамалардың бірі Қамыстыбастың тұсындағы автоматты газ тарату стансасының құрылыс жұмыстарымен танысты. «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан 28 шақырым қашықтықтағы маңызды газ желісінің бүгінде 24 шақырымы тартылып, қалған 4 шақырымдай газ желісі алдығы уақытта толық аяқталады деп күтілуде. Жобаның құрылыс жұмыстарын қолға алған «Транс Азия Констракшн» ЖШС мердігер мекемесі тарапынан құрылыс аумағында барлығы 12 техника, 25 адам жұмыс жүргізуде.

Бұл станса арқылы 18 елді мекендегі 15 мыңға жуық халыққа кезең-кезеңімен көгілдір отын жеткізуге мүмкіндік болады. Осыншама ағайынның арманын ақиқатқа айналдыратын ауқымды жобаның игілігін Қамыстыбастан бастап жақын ауылдар кезең-кезеңімен көре бастайды. Аудан басшысы мекеме жұмысшыларымен тілдесіп, бүгінгі күнге дейін жүргізілген жұмыстардың жай-жапсарына қанықты. Мекеме өкілдерімен тілдесіп, ауқымды жұмысты аяқсыз қалдырмай, айтылған мерзімде, белгіленген уақытта бітіруге күш салу керектігін жеткізді.

Ауданның туристік әлеуетін арттыруда Қамбаш көлінің маңызы зор. Биыл Сырдария өзенімен келетін су көлемінің мол болуы және «Аспай» су ағытқысының көмегімен Қамыстыбас-Ақшатау көлдер жүйесін толықтай су алды. Қамбаш көлінің де арнасы толып, бұрын жағалаудан 400-500 метрге алыстап кеткен көл жағажайдағы шағын үйлердің маңына келген. Демек бұл ауданның туристік әлеуетін арттырауға мол мүмкіндік.

Аудан әкімі Аққұмшық жағажайында жауапты азаматтармен тілдесіп, алдағы уақытта бұл маңды толық талапқа сай ету мәселесін көтерді. Жергілікті кәсіпкердың алдағы жоспарына назар қойып, оң өзгерістерге бастайтын бастамаларға қолдау болатынын жеткізді.

**– Өздеріңіз білетіндей ауданда ең маңызды туристік аймақ саналатын Қамбаш көлінің биыл арнасы толды. Осы тұста бұл жерге жыл сайын алыс-жақын аймақтардан туристер келетінін ескерсек, биыл келушілердің саны еселеп артуы мүмкін деген ой бар. Бірақ біз ең алдымен осы жерге келген әрбір тынығушыға ерекше жағдай жасалуын ойлаймыз. Бұрынғы көзқарастан арылып, жабайы мәдениетті қоюымыз керек. Тауықтың күркесіндей бастырмаларда қонақ жайлап, аудан дәрежесіне дақ түсіруге болмайды. Сондықтан осы маңдағы талапқа сай келмейтін демалыс орындарын көз тартар керемет ғимараттарға алмастыру қажет етіледі. Мәселен автотұрақ, түнгі жарық, тазалық және қоғамдық әжетхана мәселесі толық талапқа сай болуы тиіс. Осы маңнан табыс табам, жұмыс істеймін деуші кәсіпкерлерге қойылар талап сондай. Қазірден соған бейімделе бастау керек. Оған мүмкіндігі бар кәсіпкерлер жеткілікті**, – деді аудан әкімі.

Осы мәселеге қатысты азаматтардың ұсынысына құлақ түрген аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы туристік әлеуетімізді арттыру жолында еңбек етемін деуші азаматтарға әркез қолдау балатынын жеткізді.

# ЕЛІ ОЛАРДЫ ӘКІМ ЕТІП САЙЛАДЫ

2025 жылғы 13 сәуір күні еліміздің Сайлау туралы заңына сәйкес Шиелі ауданының Бәйгеқұм ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті. Дауыс беру қорытындысымен **Абжапбаров Даулет Сейткалиұлы** Шиелі ауданы, Бәйгеқұм ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Сондай-ақ сол күні Сырдария ауданындағы С.Сейфуллин ауылдық округінің әкімі де сайланды. Дауыс беру нәтижесімен сайлаушылардың басым дауысына ие болған **Бекзат Қыдырбаев** С.Сейфуллин ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Арал ауданы актив отырысында аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев жаңадан сайланған әкімдерді актив ұжымына таныстырып, қызметтеріне сәттілік тіледі.

Аралқұм ауылдық округі әкімінің сайлауына 982 сайлаушы қатысып, өз таңдауларын жасады. Ауылдық округі әкіміне 3 үміткер ниет білдіріп, қорытындысымен өзін-өзі ұсынған **Әбдіқалықов Жұбатхан Серікұлы** халықтың басым дауысын жинап, Аралқұм ауылдық округінің әкімі лауазымына сайланды.

Бекбауыл ауылдық округі әкіміне 3 үміткер ниет білдіріп, сайлау қорытындысымен өзін-өзі ұсынған **Сейітов Әлімжан Сүйеубайұлы** халықтың басым дауысын жинап, Бекбауыл ауылдық округінің әкімі лауазымына сайланды. Аудан басшысы Бекбауыл ауылына барған сапарында ауыл ардагерлерімен жүздесіп, жаңа сайланған әкімді таныстырып өтті.

2011-2013 және 2017-2021 жылдары Бекбауыл ауылдық округінің әкімі қызметтерін атқарған Ә.Сейітовтің жаңа қызметіне ел ақсақалдары тілектестік білдіріп, елді мекендегі қоғамдық-саяси ахуалды сақтау, әлеуметтік-экономикалық өсімді қамтамасыз ету, Ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын үйлестірумен қатар елге ортақ мәселелерді уақытылы шешуге күш салатынына сенім білдірді.

Жаңақорған кенті, Екпінді, Қосүйеңкі, Өзгент, Аққорған ауылдық округ әкімдерінің де сайлауы өткізіліп, тұрғындар өз таңдауын жасады.

Мұнан соң аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Өмірбек Жұмабекұлы Ильясов ресми түрде оларға әкім куәлігін табыс етті.

Жаңақорған аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамасы негізінде басым дауыс алған Жаңақорған кентінің әкімі **Жасұлан Асанұлы Бейсенбеков**, Екпінді ауылдық округінің әкімі **Қайрат Тұрсынұлы Қожамжаров**, Қосүйеңкі ауылдық округінің әкімі **Әлімхан Сағынбайұлы Ахтаев**, Өзгент ауылдық округінің әкімі **Еркебұлан Асанұлы Жакудаев**, Аққорған ауылдық округінің әкімі **Серік Сәрсенбайұлы Туғанбаев** сайланды.

# ЖАЗ ДЕГЕН ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде жылу беру маусымының қорытындысы және алдағы жауапты маусымға дайындық, ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Оған қала, аудан әкімдері, жауапты сала басшылары қатысты.

– «Бюджеттік бағдарлама әкімшілері және жылу-энергия нысандарының басшылары, 1 мамырға дейін алдағы жылу беру маусымына дайындық жөніндегі штабтар құрып, іс-шара жоспарын бекітіңіздер. Әлеуметтік нысандарды газға көшірудің жоба-сметалық құжаттамаларын 1 шілдеге дейін әзірлеңіздер. Қажетті көмір қорын жасақтауды шілде айынан бастаңыздар. Сұйық және қатты отын жеткізуші мердігерлермен жасалған келісім-шарттарда көрсетілген бағамен жеткізу бойынша жұмыс жасаңыздар.

Қызылорда қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтудың екінші кезеңі сапалы жүргізіліп, жылу беру маусымына дейін аяқталуы керек.

Мемлекет басшысы 2025 жылдың соңына дейін тұрғындарды 100 пайыз ауыз сумен қамтуды тапсырғаны белгілі. Орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылмаған елді мекендерді қамту үшін қажетті қаражат толық бөлінді. Арал және Қазалы аудандары әкімдері, ауыз сумен қамту жобаларын мерзімінде және сапалы етіп бітіріңіздер. Бірлік, Ақтам елді мекендеріне су тұшытқыш орнатуды тез арада аяқтаңыздар», – деді Н.Нәлібаев.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өткен жылы Қызылорда қаласындағы 187 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су жеткізуге Үкімет резервінен 11 млрд.теңге бөлініп, бірінші кезеңдегі тұрғын үйлерге қосылды. Биыл қаржы тапшылығына қарамастан, Үкімет резервінен 5 млрд. теңге бөлінді. Бұған қаладағы 61 үйге ыстық су тартылады.

# ӨРТ ПЕН СУ – КӨКТЕМГІ ҚАТЕР...

Еліміз бойынша өртке қарсы дайындық, су тасқынының алдын алу мәселелері талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысты.

Аймақ басшысы Үкімет отырысынан кейін жиын өткізіп, көтерілген мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына тапсырма жүктеді.

– «Статистикалық деректерге қарағанда еліміздегі төтенше жағдайлардың 90 пайызы өрт салдарынан болады. Өңіріміздің құрғақ, желді климатын ескерсек, дала өрттерінің тұтану, тез таралу қаупі аса жоғары.

Дала өрттерінің алдын алу үшін тұрақты мониторинг жүргізіп, тиісті шараларды дер кезінде қамтамасыз ету қажет. Орман, дала өрттерінің басым бөлігі тұрғындардың, шаруашылықтардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауынан, жауапкершілікті сезінбеуінен туындайды.

Жергілікті шаруашылықтар тазалық жұмыстарын жүргізерде орман мекемелеріне алдын-ала хабарлама беруі тиіс. Өрттің алдын алу шараларының толық ұйымдастырылуын қатаң бақылауға алыңыздар. Табиғи, адами факторлардың әсерінен магистральді және ауданаралық жол бойында, егіс алқаптарында құрғақ шөптің жану қаупі жоғары. Орман алқаптарында, егістікте бақылауды күшейту керек.

Өңірімізде су тасқынының алдын алудың кешенді шаралары қабылданып, 14 ақпаннан бастап өзен бетінде мұз жүрді, наурыз айында толық тазартылды. Келген мол су көлдер жүйесіне жіберілді. Өзендегі су деңгейі магистральді каналдар мен көлдер жүйелеріне су алу арқылы реттелді. Суды тиімді пайдалану және су басу аймақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды.

Бүгінгі мәжілісте қаралған мәселелер өзекті. Қатаң бақылауда ұстап, мерзімінде тиісті шара қабылдау қажет», – деді Н.Нәлібаев.

Аймақта өрттің алдын алу үшін орман шаруашылығы мекемелерінде 15 өрт сөндіру автокөлігі, 10 дрон және 65 тұрақты өрт сөндіруші жасағы қызмет атқаруда.

Соңғы 3 жылда өңірдегі орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық- техникалық базасын нығайтуға қаржы бөлінді. Биыл 62 техника мен 80-ге жуық құрал алу көзделуде. Орман және дала өрттерін сөндіру үшін 18 тонна жанар-жағармай қоры дайындалып, 15 қадағалау мұнарасында тұрақты кезекшілік ұйымдастырылған.

Су басу қаупі бар 29 аймаққа арнайы техника, күш-құралдары бар 135 жауапты мекеме бекітілді. Оларда 410 арнайы техника және 1 234 адам күші бар. Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор жеткілікті, яғни 129,7 тонна жанармай, 95 110 қап және басқа да материалдар жинақталған. Ықтимал су тасқыны кезінде халықты көшіру пункттері дайын. Атап айтсақ, 61 эвакуациялық жинақтау және 71 эвакуациялық қабылдау пункті бар.

# Б.БАУЫРЖАНҰЛЫ – АХАТОВТЫҢ ОРЫНБАСАРЫ



Қала әкімі Нұржан Ахатовтың өкімімен қала әкімінің орынбасары лауазымына **Омаров Бақытжан Бауыржанұлы** тағайындалды.

Шаһар басшысы жаңа орынбасарын кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында таныстырды.

- «Бақытжан Бауыржанұлы – журналистика, қоғаммен байланыс салаларында және мемлекеттік қызметте жемісті еңбек еткен тәжірибелі маман. Сондықтан әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін», – деді қала әкімі.

Бақытжан Бауыржанұлы 1987 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «халықаралық қатынастар» (2008 жыл), «журналистика» (2010 жыл) мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2008 жылы республикалық «Қазақстан» телерадиокорпорациясында редакторлықтан бастап, 2009-2012 жылдары аралығында осы корпорацияда түрлі қызметтер атқарған.

2012-2025 жылдары Түркия мемлекетінің Анкара қаласындағы телерадиокорпорациясында жаңалықтар жүргізушісі, «Хабар-24» телеарнасының бас редакторы, Қызылорда облысы әкімінің баспасөз хатшысы, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Түрксой ұйымындағы өкілі болып қызмет еткен.

2025 жылдың ақпан айынан бастап бүгінгі күнге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымын атқарып келді.

Бақытжан Бауыржанұлы қоғамдық даму, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, дене тәрбиесі, спорт және туризм, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдеріне жетекшілік жасайтын болады.

Осы кезге дейін қала әкімінің орынбасары болған Еркебай Ғалымжан Бақтығалиұлы облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы лауазымына ауысуына байланысты қала әкімі орынбасарлығынан босатылған болатын. Шаһар басшысы актив отырысында Ғалымжан Бақтығалиұлының өзіне жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде атқарып, қаланың құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларының дамуына қосқан зор үлесі үшін алғысын білдіріп, Қызылорда қаласының ең жоғары марапаты «Құрмет грамотасын» табыстады.

Актив отырысына қатысқан облыстық ардагерлер кеңесінің және қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәкизат Төребаев, "Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының" құрылтайшысы Шаһизада Әбдікәрімов тағайындалған азаматтардың жаңа қызметтеріне сәттілік тіледі.

# ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – КІШІ ӘКІМДЕРДІҢ ТӨЛ ІСІ...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобалар талқыланған мәжіліс өтті. Оған жауапты сала басшылары, жоба бастамашылары қатысты.

Мемлекет басшысының Жолдауындағы берілген тапсырмаларды орындау жөніндегі жалпыұлттық іс-шараларда ірі инвестициялық жобаларды Солтүстік Қазақстан облысы тәжірибесімен қаржыландыру көзделген.

Бағдарламаның мақсаты – АӨК-де жаңа жобалар құру немесе қолданыстағыларды кеңейту. Негізгі бағыты – тауарлы сүт фермалары, ет бағытындағы құс фабрикалары, мал шаруашылығы кәсіпорындары, көкөніс, жеміс сақтау қоймалары, өнеркәсіптік жылыжай шаруашылығы. Жүн мен теріні терең өңдейтін, буып-түю материалдарын өндіретін кәсіпорындарды, тауарлы балық, басқа да су жануарларын өсіретін шаруашылықтарды, қой фермаларын өркендетуге басымдық берілген.

Өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде 5 жобаға, атап айтқанда, Қызылорда қаласында 2, Арал ауданында 3 жобаға республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. Биыл тағы 6 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Аудандардағы әлеуетті жобалардың, яғни 11 жобаның пулы қалыптастырылды.

Аймақ басшысы биылға қарастырылған инвестициялық жобаларды 1 мамырға дейін ұсынуды тапсырды. Одан бөлек 1 шілдеге дейін 2026, 2027, 2028 жылдарға ұсынылатын жобалар тізімін облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына жолдау, республикадан бөлінген қаражатты мерзімінде әрі толық игерілу міндеттелді.

«Инвестиция тарту Қызылорда қаласы, аудан әкімдерінің әрқайсының жеке жауапкершілігінде», – деді Н.Нәлібаев.

# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 14, 44, 113-10-баптарына сәйкес, 2025 жылғы 14 сәуірдегі шешімімен 2025 жылғы 13 сәуірде сайланған Қызылорда қаласы Қосшыңырау ауылдық округі әкіміне Абдукадиров Сейдуали Алайдаровичті тіркеді.

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

# ҚҰРЫЛЫСТЫ БАҚЫЛАЙТЫНДАР КӨП

***Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыстық мәслихат төрағасы мен облыс әкімінің орынбасарлары, облыс әкімі аппаратының басшысы Қызылорда қаласындағы нысандарды аралап, құрылыс жұмыстарының барысын тексерді.***

Олар алдымен «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы мен “Өнер орталығына” барды. Жаңа терминалға «Болат Өтемұратов қоры» 16,6 млрд теңге инвестиция салды, жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Ал, 1000 келушіге арналған “Өнер орталығы” былтыр пайдалануға берілді. Зәулім ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізілуде.

«Жаңадария», «Сыздық», «Шіркейлі» каналдарындағы көпірлерді қайта жаңғырту қарқын алған. «BSJ инжиниринг» ЖШС «Жаңадария» каналындағы көпірді жаңғыртуда. Осы көпірмен тұрғындар «АвтоЦонға», «Қорқыт ата әуежайына» Амангелді, «Бесарық», «Иіркөл», «Қоғалыкөл», «Жетікөл», «Айдарлы» елді мекендеріне, қала маңындағы саяжайларға қатынайды. «Сыздық», «Шіркейлі» каналдарындағы жұмысты «Жылу 21» ЖШС қолға алған.

Сонымен қатар 13,5 шақырым автокөлік жолын төрт жолақты етіп қайта жаңғыртуға бюджеттен қаржы қаралған. Қазіргі таңда құрылыс аймағы қоршалып, каналдың арнасына су өткізу құбырлары салынды.

Одан кейін жұмысшы топ нан, кондитерлік және макарон өндіру кешенінің, 11 мың орындық жаңа стадионның, физика-математика мектеп-интернатының, музыкалық колледждің құрылысына барды.

Нан, кондитерлік және макарон өндіру кешенінің жоба бастамашысы «Қызылорда Нан» серіктестігі 3,8 млрд теңгеге аумағы 6166 шаршы метр нысан салуда. Кондитерлік цехта жылына 2520 тонна өнім дайындалады. Ал, макаронның 15-тен астам түрін шығару жоспарланған.

Сол жағалаудағы жаңа стадионның шығыс және батыс трибуналарының металл конструкцияларын монтаждау аяқталып, қабырғасы мен ішкі бөлімдері, сыртқы витраждары қалануда. Сыртқы инженерлік желілер жеткізілген. Жылу, су құбырлары, электр, желдеткіштің ішкі желілері орнатылуда. Ғимараттың сыртқы қабырғасы, ішкі инженерлік желілерін жүргізу аяқталып, футбол алаңын монтаждау және абаттандыру басталады.

Физика-математика мектеп-интернаты құрылысы өткен жылы басталған, биыл аяқталады деп жоспарлануда. Ал, музыкалық колледждің құрылысы былтыр басталды. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен қолға алынған оқу орнының жаңа ғимаратын бас мердігер «Алтын констркшн» ЖШС жуырда пайдалануға береді.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ, АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе.

Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол сыбайлас жемқорлық екені сөзсіз. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық және жариялылық бағытында Департамент өз кезегінде тиісті жұмыстарын жүргізуде. Соның бірі цифрландыру процестеріне қол жеткізе отырып, ашықтықты барынша жариялау мақсатында Департамент 2013 жылдың 2 жартыжылдығынан бастап, сауда – саттықты электронды түрде жүргізуде, бұл негізінен жекешелендірудің ашық және жария түрде өткізілуіне қолайлы екенін айтып өтуге болады.

Жекешелендіру объектілерін сатудың ашықтығы мен жариялылығы мақсатында тізілімнің веб порталы www.gosreestr.kz мекен-жайы бойынша интернет желісінде орналастырылған.

Бұл – мемлекеттік мүлік тізілімінің жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі электрондық дерекқорға бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурстары. Сауда-саттықтың электрондық нысаны мемлекеттік мүлікке жатқызылатын жекешелендіру объектілерін сату бойынша аукциондарды өткізуге мүмкіндік береді, яғни оған кез-келген мекенжайда орналасқан ниет білдіруші қатыса алады және бұл өз кезегінде сауда-саттықтың толық ауқымды көлемде өтуіне, процесті жылдамдатуына, ықшамдатуына мүмкіндік береді. Жекешелендіруді жекелей алып қараған кезде, сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін ауқымды процесс болып табылады, сауда-саттыққа потенциалды қатысушыларының ортасын азайтады. Себебі потенциалды қатысушылар үшін сауда-саттық өтетін жерге бірнеше рет баруға тура келуіне байланысты қаржылай шығындардың болуын қажет етеді.

Атап айтқанда, интернет желісінің кез-келген пайдаланушысы, оның ішіндегі шет елдегі интернет желісінің пайдаланушылары да сатушының аукцион залдарына бармастан электрондық өтінімді бере алады. Сонымен қатар Департамент «Жалға беру келісімшарттарының Тізілімі» атты мамандандырылған бағдарламалық кешені арқылы, жайларды жалға беру келісімшарттарын автоматтандырылған жүйесі негізінде есепке ала отыру және төлем мерзімі кешіктірілген жағдайда автоматты түрде өсімпұл жүргізіліп отырады. Осыған байланысты бұл жүйені енгізу мақсаты: жалға беру төлемдерімен есеп айырысуы және өсімпұл автоматты түрде есептеуі, жалға алушының веб-сайт арқылы төлемдерін біліп отыруы, қағаздық құжат айналымын азайтуды және біршама уақытты үнемдеуге үлкен септігін тигізеді. Бүгінде әлем жоғары технологиялар мен ақпарат дәуірінде өмір сүріп жатыр, сондықтан осы салаларда пайда болатын атауларды тек уақытылы ғана емес, кейде мүмкіндігінше, алдын ала әрекет ету керек. Қазақстанның заманауи жағдайда жүйені жетілдіру шараларының нақты бағдарламасы бар. Алға қойылған негізгі міндеттер өнімділіктің деңгейін көтеруге және Қазақстан халқының кең болашағын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті аталған электрондық негізде жүргізіліп жатқан бұл ауқымды жұмыстарға және ашықтық пен жариялылыққа аса мән беріп, құқық бұзушылықтың алдын алу, мемлекеттік тәртіпті нығайтуға байланысты жұмыстарды одан әрі де жүргізе береді.

**С. ОМАРОВ**
**Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының орынбасары**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ

Бүгінгі күнгі мәселелердің бірі– қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық- мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Олар қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті, не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалған құжаттар жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу, немесе ысырап ету секілді әрекеттер.

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ауқымды жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, соған байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу, оны ашу, оның зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту секілді жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қоғам болып қарсы тұру арқылы үлкен нәтижеге жетуге болады. Барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар оған қарсы іс-қимылды өз құзіреті шегінде жүргізуге міндетті.

Ең бастысы сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру қажеттігінің маңызы зор. Әрбір азамат өздерінің құқықтарын және өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Осы мақсатта Қызылорда облысы бойынша қазынашылық Департаментінде жүйелі түрде жауапты тұлғалармен семинарлар мен техникалық оқулар өткізіледі. Оқу, семинарлар барысында мемлекеттік қызметшілергеҚазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылтуралы»Заңы мен мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексі талаптары түсіндіріледі.

Департаменттің әрбір қызметкерісыбайлас жемқорлыққамүлдем төзбеушілік таныту - азаматтық борышымыз екенін жақсы түсінеді.

**Ж.БЕРДИЕВА**
**Қызылорда облыстық қазынашылық департаментібасшысының орынбасары**
**Әдеп жөніндегі уәкілі**

# Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

| р/с | Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты | Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Сыздықов Әбілқайыр Әбілпаттаұлы | «Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы | Әр аптаның сәрсенбі күні Сағ. 15.00-17.00 | Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі № 4 | 21-6-90 |

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда,** Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі №4 үйде *(Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимараты)* орналасқан Жаңақорған ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде 21-6-90 сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

# МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР – ӨМІР САПАСЫ

Еліміздегі мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениеті “Ең алдымен адамдар” қағидатына негізделеді. Мұндағы басымдықтардың бірі мемлекеттік қызметті барынша үйлесімді үлгісіне көшіру. Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімді жүйесін құру мемлекеттік аппараттың алдындағы басты мақсаттарының бірі болып саналады. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады. «Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі – Ақсуат ауылдық округінің халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектерге және өзге де жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Әкімшілік ғимаратында қажетті техникалық құралдарымен қамтамасыз етілген «Өзіне – өзі қызмет көрсету бұрышы» және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 13 желтоқсан 2023 жылғы №899 бұйрығымен бекітілген 2024-2026 жылдарға арналған құқықтық түсіндіру жұмыстары бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес әкімшілік ғимаратында халыққа құқықтық көмек көрсету, Қазақстан Республикасының заңнамаларын өз бетінше зерделеуге мүмкіндік беру және құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ашылған «Құқықтық кабинет» жұмыс жасайды.

«Қызылорда қаласының Ақсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға бес мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі. Олар: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» қызметтері.

**Арысбаева Ханзира Бауыржанқызы**
**«Ақсуат ауылдық округі әкімі аппараты»**
**КММ-нің жетекші маманы**

# 2025 жылдың 2-тоқсанына “Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды, заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Кайназаров Галымжан Алекбарович | Бөлім басшысы | Әр аптаның жұма күні сағат 16:00 ден 18:00-ге дейін | Жалағаш кенті, Төле би көшесі №3 | 32-1-65 |

# 2025 жылғы 2-тоқсанында Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

| № | Елді мекен атауы | Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Жалағаш кенті | Садыков Талгат Куракбаевич | Бөлім басшысы | Сәрсенбі 16.00 ден 18.00-ге дейін | Жалағаш кенті, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы к-сі, №20 | 8(724-31) 21-3-91 |

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«Желтоқсан и К» ЖШС

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

# ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНЫ ҚАНДАЙ?

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралап шықты.

Алдымен «Bi Global» серіктестігі қолға алған Шығармашылық-инновациялық орталыққа барды. Бүгінде нысанның қасбеті әрленіп, абаттандыру, ішкі әрлеу және витраж орнату жұмыстары жүргізілуде. Құрылысқа 260 жұмысшы, 10 техника жұмылдырылған. Орталық қолданысқа берілгеннен кейін балаларға спорттық-сауықтыру, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану бағытта қызмет көрсетеді. Волейбол, баскетбол, футбол, воркаут алаңдарында, соңғы үлгідегі бассейнде жаттығу мүмкіндігі жасалады.



Аймақ басшысы заманауи кірпіш зауытының құрылыс барысымен де танысты. Өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен зауыт салу үшін Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағынан 7 гектар жер телімі табысталған. Құны 2,5 млрд. теңге болатын зауытта жылына 90 млн. дана кірпіш шығарылады деген жоспар бар. Бүгінде іргетасы құйылып бітті, металл конструкциялар орнатылуда.

Одан кейін облыс әкімі Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылын қайта жаңғырту барысын көріп шықты. Өткен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылып, даңғылдың 6,7 шақырымы қайта жаңғыртылуда. «УАД» ЖШС қолға алған жоба құны 6 млрд. 656 млн.теңге. Қазір 1,2 шақырым кеңейтілетін аумақта жол негізінің құрылысы жүргізіліп, асфальт төселді. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің жиегіндегі қорғаныс бөгеті тазаланып, 2,6 шақырымға жуық дамба нығайтылды, 1,4 шақырым тіреу қабырғасы, 820 метр жиек тұрғызылды.

Сол жағалаудағы жаңа стадионның шығыс және батыс трибуналарының металл конструкцияларын монтаждау аяқталып, қабырғасы мен ішкі бөлімдері, сыртқы витраждары қалануда. Сыртқы инженерлік желілер жеткізілген. Жылу, су құбырлары, электр, желдеткіштің ішкі желілері орнатылуда. Ғимараттың сыртқы қабырғасы, ішкі инженерлік желілерін жүргізу аяқталып, футбол алаңын монтаждау және абаттандыру басталады.

# ЗЕБЕШЕВ ЛЕТЯГИНМЕН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысынан туындайтын міндеттің бірі – инвестиция тарту бағытындағы жұмысты күшейту.

Осы мақсатта облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай және облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысының орынбасары Сергей Летягинмен кездесу өткізді.

Облыс әкімдігі Париж келісімі аясында парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындауда жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Өңірде жалпы қуаты 89 МВт болатын 9 күн-электр станциясы жұмыс жасайды, оның үшеуі шетелдік инвесторлардың қатысуымен іске қосылған.

Қосымша жалпы қуаттылығы 201,5 МВт болатын 6 жоба жүзеге асырылуда.

Бұл орайда аймақ экономикасына 62 млрд.теңге инвестиция тартылып, 54 жаңа жұмыс орны құрылады.

Байқоңыр қаласының аумағында екі қосалқы станция бар. С.Летягинмен кездесуде Байқоңыр кешеніндегі электр инфрақұрылымының әлеуеті, жаңартылатын энергетиканы дамыту және пайдалану мәселелері талқыланды. Бұл энергетикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға, жаңа электр станцияларын салуға және инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

# "ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРДЫ"

***Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен мерзімі аяқталған үшінші таңдалған облыстық қоғамдық кеңестің қорытынды отырысы өтті. Басқосуды кеңес төрағасы Әріп Хожбанов жүргізіп, оған облыстық мәслихат төрағасы, «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімінің орынбасарлары, кеңес мүшелері мен басқарма басшылары қатысты.***

Облыс әкімі қоғамдық кеңес қызметінің маңыздылығына, алдағы жоспарларға тоқталды.

– «Бүгінде қоғамдық кеңестер азаматтық қоғамның мүддесін білдіретін, түрлі деңгейдегі шешімдерді талқылайтын, атқарушы органдардың ашықтығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін белді әрі әлеуеті институтқа айналды. Бұл – Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының іске асқанының толық дәлелі.

Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірі байыпты бастамалардың, жасампаз жобалардың ордасына айналды. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Қол жеткізген жетістіктерімізде туған жеріне жанашыр азаматтардың еселі еңбегі бар. Елдің ұйытқысы болған ел ағаларына, азаматтық қоғам өкілдеріне артылар сенім мол.

Облыстық қоғамдық кеңестің үшінші сайланған құрамы өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарды. Кеңес мүшелері облыстағы өзекті мәселелерді талқылап, түрлі ұсынысты ортаға салып, аймақтың дамуына зор үлес қосты. Алдағы уақытта да елімізде татулық пен тұрақтылықтың сақталуына, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек ете беретіндеріңізге сенемін», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында кеңес мүшелері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ұлттық құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов пен «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бихожаева сөз сөйледі.

Қоғамдық кеңес құрамында отыз мүше бар. Кеңес үш жыл ішінде қоғам мен атқарушы билік арасында диалог алаңы болды. Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру, атқарушы, өзін-өзі басқару органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету міндетін де абыроймен атқарды. Комиссиялар бюджеттік бағдарламалардың, аймақтың стратегиялық даму жоспарының орындалу барысын зерделеді. Қаржының мақсатты жұмсалуы мен тиімділігін арттыру және көп талқысына түскен бірыңғай уақыт белдеуі, тегін дәрілік көмек көрсету, аяқ су, ауыз су сапасы, т.б. мәселелерді талқылау үшін арнайы жиындар өткізіп, жергілікті билікке нақты ұсыныстар берді. Ұсыныстардың басым көпшілігі жергілікті атқарушы орган тарапынан қолдау және оң шешімін тапты.

Басқосуда Қызылорда облысының үшінші қоғамдық кеңесі құрамында үш жыл бойы азаматтық қоғам үнін билікке жеткізуде алтын көпір болған, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан кеңес мүшелеріне облыс әкімінің, Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңестер қауымдастығының Алғыс хаты табысталды.

Айта кетейік, жақын күндері облыстық қоғамдық кеңестің жаңа құрамының алғашқы отырысы өткізіліп, төрағасы сайланады.

# ӘКІМ ӘЖЕЛЕРГЕ АЛҒЫС ХАТ БЕРДІ



Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен Тереңөзек қыстағындағы «Руханият» орталығында «Аялы әже» аудандық форумы барысында дөңгелек үстел өтті.

Аудан басшысы форумның маңыздылығына тоқталып, ұрпақ тәрбиелеу жолында әжелердің еңбегі орасан зор екенін атап өтті.

– Қазақ халқында «Әже – отбасының тірегі, елдің жүрегі» деген ұлағатты сөз бар. Расында әрбір шаңырақтың, барша әулеттің тәрбие бигінде әженің мектебі, ананың ақылы мен мейірімі тұрады. Аяулы әжелеріміз – салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші алтын көпір және ұлттық құндылықтарымыздың сақтаушысы. Әженің тәрбиесін көрген парасатты тұлғалар есімі қазақ тарихында алтын әріптермен жазылып қалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Бақытты әрі берік шаңырақ – берекелі қоғамның және мемлекеттің мызғымас тірегі. Халқымыз қашанда шыққан тегіңді білуге және отбасы құндылықтарын ұлықтауға айрықша мән берген. Осы асыл қасиеттердің түп тамыры асыл әжелерімізден бастау алады» деп атап өтті. Сыр елінде аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен ұлттық құндылықтарды насихаттауға және аналарға құрмет көрсетуге ауқымды жұмыстар атқарылуда. Ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда, отбасылық құндылықтарды, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды насихаттауда әжелердің орны бөлек. Мемлекетіміздің келешегі мен қоғам игілігі жолындағы өлшеусіз еңбектеріңізге ерекше алғысымды білдіремін! – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Сонымен қатар облыстық ардагерлер кеңесінің жанындағы әжелер алқасының төрайымы Рәзия Қалжанова, «Қазақ Аналары – дәстүрге жол» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық және қалалық бас төрайымы Алтынай Былаева, ардагер ұстаз Алтын Нұртаева қазіргі заман мен бұрынғы тәрбиенің айырмашылықтары, отбасылық құндылықтар мен адамгершілік қағидалар туралы өзара пікір алмасты. Әжелер отбасыдағы тәрбие, ұрпаққа аманат етілетін салт-дәстүрлер, ұлттық болмысымыздың негізі туралы тағылымды әңгімелер айтты.

Аудандық өнерпаздар құрмет төрінен орын алған барша ақ жаулықты әжелер мен аналарға әннен шашу шашты. Іс-шара соңында белсенді әжелер аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, сый құрмет көрсетілді.

Жиын қорытындысында аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Жанна Сәркеева ардақты жандарға Үндеу жариялады.

# ЖАҢА ДОСТЫҚ ҮЙІ – АССАМБЛЕЯНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ТАРТУ

Бүгінде өңірімізде 30-дан астам этнос өкілдері тұрады. Жерлестеріміз Сыр өңірінің экономика, мәдениет, спорт, білім, ғылым салаларының дамуына атсалысып, еліміздің өркендеуіне үлес қосуда.

Татулық пен келісімнің киелі шаңырағына айналған «Достық үйінде» 11 этномәдени бірлестікке арналған кабинеттер қарастырылған. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай кешенді іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Әрбір этно-мәдени бірлестіктің онкүндігі өткізіліп, ұлттық-мәдени құндылықтар насихатталады.

Облыс әкімі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай кеңейтілген кеңес өтті. Басқосуға жауапты сала басшылары, қала, аудан әкімдері мен зиялы қауым өкілдері, ҚХА мүшелері қатысты.

Аймақ басшысы Ассамблея қызметінің маңыздылығын айтып, өңірдегі ауқымды іс-шараларға тоқталды.

**– «Баршаңызды береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Осы жылдар ішінде Ассамблея халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпыұлттық келісімнің негізіне айналды. Өңірімізде соңғы жылдары маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Құрылыс қарқын алып, ел игілігі үшін әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріміз күн санап өсіп келеді.**

**Бүгінде барлық аудандағы «Руханият орталықтарында» елдің ынтымағын нығайтуға бағытталған маңызды жобалар іске асырылуда. Орталықтардағы «Қоғамдық келісім» кабинеттері этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін дамытуға мүмкіндік береді.**

**Ассамблеяның мерейлі жылында баршамыз үшін қуанышты жаңалық – Қызылорда қаласында жаңа «Достық үйі» салынады. Ғимарат жыл соңында ел игілігіне табысталады. Бұл аймақ жұртшылығының бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктерге арналған, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады»,** – деді Н.Нәлібаев.

Отырыста облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Дильфура Байрақтарова, Ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың жетекшісі Айтжан Оразбақов, ардагер Асылбек Жұмабаев сөз сөйлеп, аймақтағы жетістіктерді атап өтті.

Басқосуда Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мерекелік медаль табысталды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар марапат төрінен көрінді.

# ЖЕТЕУІНДЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Үкімет республика көлемінде авиация және теміржол саласындағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарын жүргізуде.

2023 жылы «Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ АҚ және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен аймағымыздың бас шаһарында темір жол вокзалы мен вокзал аумағы күрделі жөндеуден және абаттандырудан өткен болатын.

Көлік министрлігінің және «Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ АҚ қолдауымен бұл берекелі бастама Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал, Сексеуіл станцияларындағы 7 темір жол вокзалында, сондай-ақ Жалағаш пен Тереңөзектегі қызмет көрсету пунктерінде жалғасын тауып, темір жол вокзалы мен вокзал аумағы күрделі жөндеуден және абаттандырудан өтетін болады.

Аталған жобаны жүзеге асыруға тарихи және мәдени ғимарат құрылыстарын салу және жөндеу, абаттандыру саласында жұмыс тәжірибесі бар 4 мердігер мекеме белгіленіп, 8 жобалаушы мекеме және 1 техникалық қадағалау мекемесі анықталды.

